

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы  
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері  
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

## ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТАРИХИ САНА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ: ТҰРСЫН ЖҰРТБАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМЫ

*Аяжан ДӘУРЕНБЕК*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – қауым. профессор, ф.ғ.к. Қ. Кемеңгер

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Тұрсын Жұртбайдың «Барлау тамыр» еңбегіндегі фольклор мен тарихи сананың өзара сабақтастығы талданады. Зерттеу барысында ғалымның мифтік сана, тарихи жад, аңыздық ойлау жүйесі туралы пайымдарына назар аударылады. Автордың фольклорды тарихи дерек көзі және рухани жадтың көрінісі ретінде қарастыру ерекшелігі ашылады. Мақалада тарихи сана мен фольклордың ортақ табиғаты, олардың халық дүниетанымындағы маңызы жүйеленіп, Т. Жұртбайдың зерттеушілік ұстанымы айқындалады.

**Түйін сөздер:** фольклор, тарихи сана, мифтік сана, тарихи жад, аңыздық ойлау.

**Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.** Тұрсын Жұртбайдың «Барлау тамыр» зерттеуіндегі фольклор мен тарихи сана сабақтастығын айқындап, оның зерттеушілік тұжырымдарын талдау, сондай-ақ фольклорды тарихи ойлаудың көрінісі ретінде бағамдау.

Осыған орай, төмендегідей *міндеттер* қойылады:

- Фольклор мен тарихи сана ұғымдарының өзара байланысын анықтау;
- «Барлау тамыр» еңбегіндегі фольклорлық мәселелерді зерделеу;
- Т. Жұртбайдың зерттеулеріндегі мифтік және аңыздық ойлау жүйесін зерттеу;
- Фольклорды тарихи сана қалыптастырушы рухани фактор ретінде қарастыру;
- Ғалымның зерттеуіндегі әдістемелік және дүниетанымдық ерекшеліктерді айқындау.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында сипаттамалық, салыстырмалы-талдау, тарихи және мәтіндік интерпретация әдістері қолданылды.

**Зерттеу тарихы.** Фольклор мен тарихи сананың байланысын қарастыру – қазақ фольклортану ғылымында ежелден бар бағыттардың бірі.. Бұл мәселені алғаш көтерген Ш. Уәлиханов халық аңыздары мен тарихи жадтың сабақтастығын көрсетті. Кейін бұл идеяны Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Р. Бердібай, Е. Тұрсынов сияқты ғалымдар дамытып, фольклорды ұлттық тарихи сана қалыптастырудың негізгі арнасы ретінде қарастырды. Тұрсын Жұртбай осы ғылыми дәстүрді жалғастырып, «Барлау тамыр» зерттеуінде аңыздар мен әфсаналарды тарихи дерек тұрғысынан пайымдап, фольклорды рухани және мәдени жадтың куәсі ретінде терең талдаған.

**Кіріспе.** Қазақ руханиятының терең тамыры халық жадында сақталған тарих пен сөзде жатыр. Ұлттың рухани жадын бейнелейтін ең көне әрі мәңгі дереккөз – фольклор. Себебі фольклор – тек көркемдік жүйе емес, ұлттың жаны

мен жадының түйіскен тұсы, тарихи тәжірибенің рухани бейнесі. Онда халық өз өткені мен болашағын, елдік санасы мен дүниетанымын бейнелейді. Сондықтан фольклор мен тарихи сана сабақтастығы – қазақтың рухани болмысын, дүниетанымын танудағы ең өзекті бағыттардың бірі. Фольклор халықтың эстетикалық мәдениетін ғана емес, тарихи зердесін де айқындайды. Ол – өткеннің көркем куәсі, ұлттың мәдени хроникасы.

Әдебиет теориясының негізін салушы бірден-бір теоретик-ғалым А. Байтұрсынов фольклор табиғатын алғаш ғылыми тұрғыдан айқындап: «Жазу-сызу, өнер-ғылым жоқ анағы халықтарда жазба шығарма болмайды. Ондай халықтардың асыл сөздері анағы тілмен айтылған ауыз шығармалар болады. Сондықтан ондай асыл сөздер ауыз әдебиеті яки анағы әдебиет деп аталады» [1], – деп атап өтеді. Бұл ой халық шығармашылығының мәдени жад ретіндегі мәнін нақтылайды. Сондай-ақ фольклордың көпқырлы болмысы туралы фольклортанушы ғалым С. Қасқабасов: «Фольклор – көп заманның, бірнеше дәуірдің, әр түрлі қоғамның жемісі, сондықтан ол көпқатпарлы, көпсатылы және көпмағыналы, көпқырлы» дейді [2]. Осы ғылыми пайым фольклорды тек эстетикалық туынды ғана емес, тарихи және дүниетанымдық дерек ретінде қарастырудың негізін қалайды.

Фольклорды ұлттық тарихи зерденің айнасы ретінде пайымдау бағыты қазақ фольклортану ғылымында біртіндеп жүйелі арнаға түсті. Фольклортану ғылымының дамуы мен бағыттық ерекшеліктері 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбекте [3] жан-жақты талданып, халық мұрасын жүйелеудің ғылыми негіздері айқындалды. Кейін «Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері» зерттеуінде де бірқатар әдебиеттану мен фольклортану мәселелері зерттеу нысаны болды [4]. Ал қазақ фольклортану ғылымының қалыптасу кезеңдері мен бағыттарын зерделеген Н.Қ. Жүсіпов ХХ ғасырдың алғашқы жартысында фольклорды ұлттық тарихи сананы қалыптастырушы іргелі арна ретінде бағалайды [5]. Бұл ғылыми тұжырымдар Тұрсын Жұртбай еңбектеріндегі фольклор мен тарихи сананың өзара сабақтастығы туралы ойлармен үндес келеді.

Бұл ұғымдарды ғылыми тұрғыдан сабақтастыра пайымдаған ірі зерттеушілердің бірі – Тұрсын Жұртбай. Оның «Барлау. Тамыр» атты еңбегі фольклор мен тарихи сананың табиғи бірлігін тереңнен түсіндірген іргелі зерттеу болып табылады. Т. Жұртбайдың пікірінше, фольклор – «рухани жадының коды», «халықтың өзін-өзі тану тілі» [6]. Ол фольклорды тарихи деректің көркем моделі, ал мифті шындықтың символдық пішіні ретінде пайымдайды. Миф пен эпсана халықтың тарихи жадында сақталған рухани шындықты бейнелейтін форма ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи зердесін сақтаушы мәдени механизм. «Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек, ал миф пен эпсана – тарихи уақыттың символдық тілі», – дейді зерттеуші [6].

Ғалым Т. Жұртбайдың бұл ойлары қазақ фольклортану ғылымындағы белді фольклорист С. Қасқабасов қалыптастырған ғылыми дәстүрмен өзектес. Бірі фольклорды халықтың әлеуметтік-психологиялық тәжірибесін бейнелейтін рухани айна ретінде қарастырса, екіншісі оны тарихи жадтың коды ретінде

бағалайды. Осы екі бағыттың тоғысында фольклор – халықтың рухани болмысын танытатын тұтас мәдени жүйе ретінде айқындалады.

**Талқылануы.** Т. Жұртбайдың фольклортану саласындағы зерттеушілік қырына барлай қарасақ, фольклорды тарихи және мәдени дерек ретінде қарастыруының басты мәні – оны халықтың рухани зердесін бейнелейтін тірі жүйе деп тануында. Тарихты тек жазба деректер арқылы тану – шектеулі тәсіл, өйткені халық жадында сақталған аңыздар мен жырлар тарихи шындықтың өзге формасы болып табылады. Т. Жұртбайдың пайымдауынша, «Жазба тарих оқиғаның ізін қалдырады, ал ауызша тарих рухтың ізін сақтайды» [6]. Осы тұрғыдан алғанда, фольклор – ұлттың өзін-өзі тану тәжірибесін бейнелейтін мәдени құрылым, ал тарихи сана сол фольклорлық жүйенің өзегінен нәр алады.

Фольклор халықтың мәдени тәжірибесін уақыт пен кеңістіктен тыс сақтайтын рухани матрица іспетті. Әрбір жыр мен миф – белгілі бір тарихи оқиғаның немесе әлеуметтік сілкіністің көркем жады. Фольклордағы сюжеттік тұрақтылық пен мотивтердің қайталануы кездейсоқ емес, ол ұжымдық жадының «мәңгі оралым» принципін бейнелейді. Мұны мифтік уақыт теориясымен де байланыстыруға болады, бірақ бұл ұғым қазақ дүниетанымында өзіндік ерекшелікке ие. Қазақ эпосындағы уақыт сызықтық емес, айналмалы сипатта беріледі; әр батырдың ерлігі нақты дәуірге тәуелді емес, мәңгілік рухани оқиға ретінде суреттеледі. Осы арқылы фольклор тарихи сананың үзілмес уақыттық желісін сақтап, ұлттың рухани тұтастығын қамтамасыз етеді.

Мифтік сана туралы С. Қасқабасов былай деп жазады: «Көне мифтерде заттардың, аңдардың пайда болуы мифтік сана бойынша түсіндірілген. Ал, мифтік сананың өзі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең – «адам мен табиғаттың бірлігі» жөніндегі түсінік... Мифтік сананың екінші кезеңі – «адам мен табиғаттың бірлігі» туралы ұғымның бұзылуы» [6]. Бұл анықтама мифтің адам мен табиғат арасындағы рухани көпір қызметін айқындайды. Ал Т. Жұртбайдың пайымдауынша, фольклор мен тарихи сананы байланыстыра талдау ұлттық мәдениеттің архетиптік құрылымын тануға жол ашады. Көшпелі өркениет дүниетанымында кеңістік пен уақыт біртұтас ұғым. Кеңістік – рухани категория, уақыт – ерлік пен мораль өлшемі. Мифтік хронотопта уақыт пен кеңістік – адам мен қоғамның тарихи тағдырын бейнелейтін мәдени координаттар. «Көшпелінің санасында кеңістік уақытпен, ал уақыт ерлікпен өлшенеді» деген ой осы мәдени модельді терең түсіндіреді [6]. Сондықтан фольклордағы «Бәйтерек», «Жерұйық», «Көк бөрі» сияқты бейнелер нақты оқиғадан гөрі мәңгілік рухани кеңістікті танытады. Бұл бейнелер – халықтың тарихи зердесін ұлттың символдық жүйесіне айналдыратын көркем арқау.

Ғалымның осы бағыттағы ізденістердің тағы бір қыры – тарихи тұлғалардың мифтік бейнеге айналу процесін түсіндіруі. Фольклордағы Томирис, Анахарсис, Алып Ер Тұңға сияқты тұлғалар тарихи деректің көркем формасы ретінде өмір сүреді. Олар нақты өмір сүрген адамдардан гөрі халықтың тарихи түйсігін бейнелейтін рухани архетипке айналған. «Тарих тұлғасы уақыт өткен сайын мифке айналады, ал миф тұлғасы – халық санасында мәңгі сақталады» деген тұжырым осы процестің мәнін ашады [6].

Демек, фольклор – тарихи шындықты дәл бермегенімен, оның рухани мазмұнын сақтайтын жүйе; ол ұлттың ұжымдық жады мен мәдени тұтастығын сақтайтын символдық кеңістік.

Фольклорды эстетикалық мұрадан гөрі мәдени-философиялық категория ретінде пайымдау оның мәнін тереңдеткенін атап өтеді ғалым өзінің «Барлау тамыр» еңбегінде. «Барлау тамыр» – сан ғасырлар бойы ауыздан-ауызға жеткен мазмұнды, көпқырлы мұрамыздың Т. Жұртбай тарапынан зерттелуі. Бір айта кететініміз, мұнда фольклор тарихи деректің көзіне ғана емес, рухани жаңғырудың амалына айналатыны жазылды. Неге десек, халық жадындағы мифтер мен аңыздар – ұлттың ішкі уақытының, рухани айналымының белгісі. Зерттеуші Ә. Қоңыратбаевтың пікірінше, «Фольклор – халықтың тарихи жадын, дүниетанымын және көркемдік ойлау жүйесін тұтастықта танытатын рухани айна» [7]. Фольклордың күші – оның үнемі жаңарып отыруында. Ол өткеннің үні болып қалмай, бүгіннің рухани тірегіне айналады.

Осы бағыттағы ойлар фольклорды ұлттық болмысты сақтау мен жаңғыртудың құралы ретінде тануға мүмкіндік береді. Әрбір халық өзінің тарихи жадына фольклор арқылы оралады, өткенін мифтік сана арқылы қайта тірілтеді. Бұл – мәдени сабақтастықтың ең табиғи жолы. Тарихи сана мен фольклор арасындағы осы байланыс арқылы ұлттың рухани уақыты үздіксіз жаңарып отырады.

Фольклорда уақыт пен кеңістік тек оқиға желісі емес, рухани жаңғырудың кеңістігі ретінде көрінеді. Сол себепті фольклорды тану – тарихты тану ғана емес, халықтың ішкі рухани құрылымын тану деген сөз.

Тарихи сана мен фольклордың осындай өзара байланысын жүйелі талдау ұлттық ғылым үшін жаңа бағыт ашты. Фольклорды деректік және эстетикалық феномен ғана емес, тарихи ойлау мен рухани зерденің өзегі ретінде қарастыру – мәдениет философиясының да маңызды арнасына айналып отыр. Мұндай көзқарас ұлт тарихын мәтіннен емес, халық жадынан, оның рухани архетиптерінен тануға жол ашады. Өйткені тарих – оқиға емес, рух; ал фольклор – сол рухтың бейнелі жады.

**Қорытынды.** Қазақтың рухани әлемін тануда фольклор мен тарихи сана бір-бірінен ажырамайтын тұтас жүйе құрайды. Халықтың ауызша мұрасы – ұлттың өткені мен бүгінін жалғап тұрған рухани көпір, ал тарихи сана – сол көпір арқылы ұрпақтан-ұрпаққа берілетін зерде сабақтастығының көрінісі. Фольклор – өткеннің эстетикалық көрінісі ғана емес, ұлттың өзін-өзі тану тәжірибесі мен тарихи ойлауының көркем формасы. Осы тұрғыдан алғанда, фольклорды зерттеу – тарихты қайта оқу емес, ұлттың рухани жадын қайта ояту үдерісі.

Тұрсын Жұртбайдың «Барлау тамыр» еңбегі осы бағыттағы зерттеулердің жаңа парадигмасын қалыптастырды. Ол фольклорды халықтың «рухани жадының коды» ретінде қарастырып, миф пен эпсананы тарихи танымның символдық формасы ретінде зерделеді. Ғалымның бұл көзқарасы фольклорды тек ауыз әдебиетінің нысаны емес, мәдени-философиялық дерек, тарихи сананың көркем кеңістігі ретінде пайымдауға жол ашты. Оның еңбегінде

фольклор – ұлт тарихының бейнелі мәтіні, ал тарихи сана – сол мәтінді оқудың рухани тәсілі ретінде көрінеді.

Фольклор мен тарихи сананы сабақтастыра қарастыру – қазіргі қазақ ғылымының рухани өзегін айқындайтын бағыттардың бірі. Бұл ұстаным С. Қасқабасовтың фольклорды рухани айна ретінде тану дәстүрімен, Ә. Қоңыратбаевтың тарихи-фольклорлық тұтастық идеяларымен үндес. Осы дәстүрді жалғастыра отырып, Тұрсын Жұртбай фольклорды ұлттың тарихи зердесін жаңғыртудың тетігіне айналдырды. Демек, фольклор – ұлт руханиятының мәңгілік жады, ал тарихи сана – сол жадтың уақытпен жаңғырып, болашаққа бағыт алу қабілеті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Қасқабасов С. Ойөріс. – Астана: Астана полиграфия, 2009. – 320 б.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. // Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Бірінші кітап (жалпы редак. басқарған Қазақ ССР ҒА академигі М.О.Әуезов).- Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1960. – 740 б.
4. Қожакеев Т. Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері (Ғылыми мақалалар жинағы). – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 144 б.
5. Жүсіпов Н.Қ. Қазақ фольклортану ғылымы: XX ғасырдың бірінші жартысы. Монография. – Павлодар. 2007. – 381 б.
6. Жұртбай Т. Барлау. Тамыр. Халық ауыз әдебиеті – тарихи дерек ретінде. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 524 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. – 279 б.

**МРИНТИ 17.71,07**

### **ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР ТЕОРИЯСЫ: БАЯНДАУ, СЮЖЕТ ЖӘНЕ ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ**

*Жанэль ДЖАКАНОВА*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан  
[zhanel.dzhakanova@icloud.com](mailto:zhanel.dzhakanova@icloud.com)

Ғылыми жетекшісі – PhD, қауым. профессор Г. Сағынадин

**Аңдатпа.** Мақалада фольклордағы жанр теориясын айқындау мәселесі және оның ғылыми зерттелу бағыттары қарастырылады. Жанр ұғымының фольклортану мен әдебиеттанудағы айырмашылықтары талданып, фольклорды тек формалық немесе әдеби категория шеңберінде түсіндірудің шектеулілігі көрсетіледі. Автор фольклор жанрын зерттеудің басты қағидасы оның мәдени-әлеуметтік контекстін, этнографиялық негізін және баяндау тәсілдерін кешенді түрде талдауға бағытталуы тиіс деген қорытынды жасайды.